

Шетелдік және халықаралық үйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды патенттік-құқықтық сараптау ережесін бекіту туралы

Қазақстан Республикасының Әділет министрінің 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 255, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 708, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 08-1/206, Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 236 бірлескен бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 20 қыркүйекте тіркелді. Тіркеу N 3079

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустріялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының 5.3.2.11-тармағын іске асыру мақсатында бұйырамыз:

1. Қоса беріліп отырған Шетелдік және халықаралық үйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды патенттік-құқықтық сараптау ережесін бекітілсін.

2. Осы Бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі Ж.Қ.Асановқа, Қазақстан Республикасының Сыртқы істер вице-министрі Н.Б.Оңжановқа, Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі Н.С.Бектұрғановқа, Қазақстан Республикасының Индустрія және сауда вице-министрі Ә.Ә.Исекешевке жүктелсін.

Қазақстан Республикасының

Әділет министрі

Қазақстан Республикасының

Білім және ғылым министрі

Қазақстан Республикасының

Сыртқы істер министрі

Қазақстан Республикасының

Индустрія және сауда министрі

"Шетелдік және халықаралық үйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды патенттік-құқықтық сараптау ережесін бекіту

туралы" Қазақстан Республикасы
Әділет министрінің 2004 жылғы 6 қыркүйектегі N 255
Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 08-1/206
Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 1 қыркүйектегі N 708
Қазақстан Республикасы Индустрія және сауда министрінің 2004 жылғы 2 қыркүйектегі N 236 бірлескен бұйрығымен бекітілген

Шетелдік және халықаралық ұйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды патенттік-құқықтық сараптау ережесі 1-тaraу. Жеке ережелер

1. Осы Шетелдік және халықаралық ұйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды патенттік-құқықтық сараптау ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 17 шілдедегі N 712-1 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасының Индустріялық-инновациялық даму стратегиясын іске асыру жөніндегі 2003-2015 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарына сәйкес әзірленген.

2. Ереже шетелдік және халықаралық ұйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларға патенттік-құқықтық сараптама жүргізу тәртібін және негізгі қағидаттарын белгілейді.

3. Осы Ережеде мынадай негізгі ұғымдар қолданылады:

1) патенттік-құқықтық сараптама - зияткерлік қызмет нәтижелерінің құқықтық қорғалуын Қазақстан Республикасы зандарының нормаларына сәйкес кешенді талдау;

2) грант - грант берушілер мен грант алуға үміткерлер арасындағы шартпен көзделген талаптар қойылып, нақты ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін тегін және қайтарусыз берілетін ақша және өзге мүлік;

3) грант туралы шарт - грант берушілер мен грант алушылар арасында нақты ғылыми зерттеулерді жүргізу үшін тегін және қайтарусыз ақша және өзге мүлік беру туралы жасалған шарт (келісім);

4) грант беруші - грант туралы жасалған шартқа сәйкес грант беретін халықаралық және шетелдік ұйымдар;

5) грант алушы - грант туралы жасалған шартқа сәйкес грант алушы және оны

иеленетін Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғалары;

6) ғылыми-техникалық жоба - жоспарланатын жұмыстардың мақсаты мен міндеттерін, өзектілігін, жаңалығын, ғылыми-практикалық маңыздылығы мен тиімділігін негіздей отырып, ғылыми, ғылыми-техникалық, ғылыми-білім беру, тәжірибелік-конструкторлық, маркетингтік зерттеулер болып табылатын болжамды ғылыми-техникалық енбектің мазмұнын қамтитын құжат;

7) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелері (бұдан әрі- FTKH) - ғылыми-техникалық жобаны орындау процесінде алынған зияткерлік меншікті қамтитын нәтижелер, инженерлік және жобалау-конструкторлық қызметтің нәтижелері ;

8) сарапшы - бұл зияткерлік меншік саласында арнайы білімі бар тұлға.

2-тарау. Шетелдік және халықаралық үйымдардың қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобалардың патенттік-құқықтық сараптамасын жүргізу

4. Сараптаманы грант алуға үміткер жүргізеді.

Грант алуға үміткер сараптама жүргізу үшін зияткерлік меншік құқығын қоргау саласында уәкілетті органның сарапшылық үйиміна жолдануы мүмкін.

5. Грант берушінің қаражатын (гранттарын) пайдаланып іске асырылатын ғылыми-техникалық жобаларды іске асыру барысында немесе/және нәтижесінде жасалған зияткерлік меншіктің құқықтық қорғалуы туралы қорытынды алу үшін объективті және кешенді талдау жүргізу сараптаманың негізгі міндеттері болып табылады.

6. Сараптама жасау патенттік-құқықтық сараптаманы жүйелі үйимдастыру, нормативтік-әдістемелік қамтамасыз ету және патенттік-құқықтық сараптама процесіне қатысушылардың тәуелсіздігі принциптеріне негізделеді.

7. Сараптама екі кезеңнен тұрады:

бірінші кезең - ғылыми-техникалық жобаны сараптау;

екінші кезең - грант бойынша орындалған жұмыс туралы есепті сараптау және ғылыми-техникалық жоба сараптамасының қорытындысын құжаттамалық ресімдеу.

3-тарау. Сараптаманың бірінші кезеңі

8. Сараптаманың бірінші кезеңі грант алар алдында жүргізіледі және мынадай үш негізгі кезеңді қамтиды:

1) ғылыми-техникалық жобаны талдау;

2) патенттік зерттеулерді жүргізу;

3) грант алуға үміткердің грант туралы шарт жасасқанға дейінгі кезеңде грант тақырыбы бойынша ұсынған алдыңғы FTKH-ға құқықтары туралы қорытынды.

9. Ғылыми-техникалық жобаны талдау кезінде мыналар анықталады:

- 1) жобаның мақсаттары мен міндеттері;
- 2) жобаның негізгі бағыттары;

3) техникалық деңгейі және басқалар.

10. Егер грант алуға үміткер мемлекеттік ұйым болып табылса не FTҚН өзірлеуге мемлекеттік ұйым қатысса, патенттік зерттеулерді грант алушы органның уәкілетті органы бекітуі тиіс.

11. Алдыңғы FTҚН-ға құқықтар туралы қорытынды:

1) өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге және қорғау құжаттарымен қорғалмаған FTҚН-ға құқықтарды қоса алғанда, өнеркәсіптік мешік объектілеріне;

2) Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес қорғау құжаттары алынуы мүмкін болатын FTҚН -ға;

3) өндіріс құпиясын құрайтын техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпарат болып табылатын FTҚН-ға ғылыми-техникалық жобаны орындау бойынша жұмыстардың басталуы алдындағы FTҚН-ға құқықтардың болуы туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

12. Сараптаманың бірінші кезеңі аяқталысымен сарапшы мына ақпаратты:

- 1) ғылыми-техникалық жобаның атауын;
- 2) грант алуға үміткердің атауын және деректемелерін;
- 3) грант берушінің атауын және деректемелерін;
- 4) ғылыми-техникалық жобаның талдамасын;
- 5) патенттік зерттеулердің нәтижелерін;

6) грант алуға үміткердің грант тақырыбы бойынша грант туралы шарт жасасқанға дейінгі кезеңде алған алдыңғы FTҚН-ға құқықтары туралы қорытындыны;

7) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру мерзімі мен уақытын көрсете отырып, ұсынылған құжаттардың заңдар мен осы Ереженің талаптарына сәйкестігі туралы қорытынды шығарады.

13. Грант алуға үміткер, қажет болса өзінің уәкілетті органына сараптама қорытындысын бере алады.

4-тaraу. Патенттік-құқықтық сараптаманың екінші кезеңі

14. Грант бойынша жоба бағдарламасын орындау аяқталғаннан кейін грант алушы ғылыми-техникалық жоба бойынша орындалған жұмыстар туралы есепке сараптама жасайды.

15. Сараптаманың екінші кезеңі мынадай төрт кезенді қамтиды:

- 1) патенттік зерттеулерді талдау;

- 2) грант алушы грант туралы шарт жасалғанға дейінгі кезеңде алдыңғы FTKH-ға грант тақырыбы бойынша алған құқықтары туралы қорытындыларды талдау;
- 3) Грант бойынша жұмыстарды орындау кезінде алынған FTKH-ға құқықтар туралы
қ о р ы т ы н д ы л а р ;
- 4) ғылыми-техникалық сараптама қорытындыларын талдау.

16. Грант алушы грант туралы жасалған шартқа сәйкес ғылыми-техникалық жоба бойынша жұмыстарды орындау кезінде FTKH-ға алынған құқықтары туралы
қ о р ы т ы н д ы н ы

ყ с ы н а д ы .

К о р ы т ы н д ы :

1) өнертабыстарға, өнеркәсіптік үлгілерге, пайдалы модельдерге және қорғау құжаттарымен қорғалмаған FTKH-ға құқықтарды қоса алғанда өнеркәсіптік меншік о б ъ е к т і л е р і н е ;

2) Қазақстан Республикасының зандарына сәйкес қорғау құжаттары алынуы мүмкін болатын FTKH-ға ғылыми-техникалық жобаны орындау кезінде алынған зияткерлік меншік объектілері туралы мәліметтерді қамтуы тиіс.

17. Қорытынды FTKH-да мемлекеттік құпияны немесе өндіріс құпиясын құрайтын техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпарат болып табылатын мәліметтердің бар-жоғы туралы мәліметті қамтуы тиіс.

18. Сараптаманың нәтижелері эксперттік қорытынды түрінде құжаттамамен ресімделеді.

19. Ұсынылған материалдардың Қазақстан Республикасының зандары мен осы Ереженің талаптарына сәйкестігі туралы сараптаманың қорытындысы мынадай ақпаратты :

- 1) ғылыми-техникалық жобаның атауын;
- 2) грант алушының атауын және деректемелерін;
- 3) грант берушінің атауын және деректемелерін;
- 4) грант алушы жүргізген патенттік зерттеулердің талдамасын;
- 5) грант алушының грант тақырыбы бойынша грант туралы шарт жасасқанға дейінгі кезеңде алған алдыңғы FTKH-ға құқықтары туралы қорытындының талдамасын ;
- 6) грант бойынша жұмыстарды орындау кезінде FTKH-ға алынған құқықтар туралы
қ о р ы т ы н д ы н ы ;
- 7) ғылыми-техникалық жобаны іске асыру мерзімі мен уақытын;
- 8) ғылыми-техникалық жобаны орындау процесінде алынған FTKH-ны құқықтық
қ о р ғ а у т у р а л ы м ә л і м е т т е р д і ;
- 9) FTKH-да мемлекеттік құпияны немесе грант алушының уәкілетті органының өндіріс құпиясын құрайтын техникалық, ұйымдық немесе коммерциялық ақпарат болып табылатын мәліметтердің бар-жоғы туралы мәліметтерді қамтиды.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК